«6D03100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Карашева Жанар Толеубековнаның «Ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Карашева Жанар Толеубековнаның диссертация тақырыбы «Ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету», ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді және келесі мемлекеттік бағдарламалар аясында орындалған:
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылым бағыты; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қаулысы.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға үлес қосады.Ізденуші жасалған ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар азаматтық, кәсіпкерлік сияқты ғылым салаларының дамуына **елеулі үлес қосады**. Ақылы қызмет көрсету шарты азаматтық айналымда қолданылатын шарттардың ең көп таралған түрлерінің бірі болып табылады. Шарттық құқықтық қатынастардың бұл түрі кәсіпкерлікті дамыту жағдайында, ал соңғы жылдары онлайн-қызметтердің дамуына байланысты кәсіпкерлік субъектілері жасасқан шарттар арасында айтарлықтай орын ала бастады. Өтелмелі қызмет көрсету шарттары медициналық және білім беру қызметтерінен бастап, туризм, IT қызметтерінедейінгі әртүрлі қызмет салаларында кең тараған. Диссертациялық жұмыс ғылымға деген **маңыздылығы жоғары**, нақтырақ айтатын болсақ, «ақылы қызмет» құқықтық табиғаты қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен, мемлекеттік басқару мен экономика салаларының жаппай цифрландыру дәуірінде өзінің өзектілігін жоғалтпайтын салаларының бірі ретінде танылады.Автор зерттеу барысында өтелмелі қызметтің қазіргі заманауи кезінде цифрлық

			қызметтің кең таралуын атап өткен. Сондықтан да қоғам өміріне терең еніп, адамдар арасында кеңінен қолданылып жүрген ақылы қызмет көрсетудің зерттеуінде **маңызды** болып табылады. Осы ретте, диссертация аясында «ақылы қызмет» ұғымына теориялық факторлармен қатар құқық қолданушылық және заң шығармашылық тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретіні диссертациялық жұмыстың маңыздылығын айқындап, арттыра түсті.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияны бағалай отырып, зерттеудің өзі жазу деңгейінің **жоғары** деңгейін атап өткен жөн. Автор тақырыпты терең түсінетіндігін көрсете білді. Бұл эмпирикалық материалдардың үлкен көлемін ,соның ішінде заңнамалық актілерге түсініктеме беру және отандық, шетелдік заңнамаларын зерттеу негізінде қол жеткізілген. Автормен Қазақстанда отандық және шет елдердің тәжірибесінің негізінде ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету бойынша жаңа ұсыныстар жасалды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі **негізделген.** Автор жүргізген зерттеу өтелмелі, ақылы, цифрлық қызмет, электрондық құжат, персонал терминдерін көрсету шартын құқықтық қамтамасыз етудегі азаматтық – құқықтық реттеудің бірқатар шешілмеген теориялық және құқықтық мәселелерінің бар екендігін көрсетеді. Ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету институтын теориялық тұрғыдан түсіндіріп оған өз ұсыныстарын қарастырған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияны 8 бөлімшені қамтитын 3 тараудан тұрады және мазмұны құрылымы логикалық түрде өзара байланысты. Диссертация мазмұны диссертация мәнін ашады, диссертация мазмұнын **айқындайды.**
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері мен нәтижелері өзара байланысты алға қойылған мақсаттар мен міндеттер диссертация тақырыбына **сәйкес келеді**. Ақылы қызмет көрсету генезисі мен эволюциясын, түсінігін заманауи ғылыми тұжырымдамалар позициясынан және қызметтердің құқықтық табиғатын анықтау мен оларды жіктеу тәсілдері тұрғысынан қарастырған,соның ішінде Қазақстан Республикасында ақылы қызмет көрсету шартын заңнамалық реттеуді зерттеу және оның ерекшеліктері мен проблематикасын шетелдік тәжірибемен салыстырмалы талдауды ескере отырып анықтаған, түрлі салаларда ақылы қызмет көрсетудің шарттық институтының түрлерін арнайы нормативтік реттеудің ерекшеліктерін анықтап қарастырған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен	Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара логикалық тұрғыда **толық**

		құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	**байланысқан** және диссертациялық зерттеудің мәнін ашады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автормен ұсынылған диссертациялық жұмыста қарастырылып жатқан мәселелерге қатысты бұрын орын алған ғылыми көзқарастарға, ілімдерге автор тарапынан сыни талдау жүргізілген. Сонымен қатар автор қолданыстағы заңнама ережелеріне де сыни **талдау жасаған.** Автор қолданыстағы заңнамадағы олқылықтар мен кемшіліктерді анықтап ғана қоймайды, сонымен қатар ұсынылған баламаларды да түрде негіздейді.
5.	**Ғылыми жаңашылдық принципі**	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар салыстырмалы түрде қарағанда **толығымен жаңа** деп санауға болды, өйткені диссертацияда автор құқық ғылымы үшін жаңалығымен маңыздылығы бар ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар ұсынды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация барысында жасалынған қорытындылары **толығымен жаңа** деп санауға болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың диссертация тақырыбының мәнін ашу мақсатында ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету бұл тақырыпты жан-жақты талдау нәтижесінде ұсынылып отырған , технологиялық, экономикалық шешімдері **толығымен жаңа** болып табылады.
6.	**Негізгі қорытындылардың негізділігі**	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Ізденуші қолданыстағы Халықаралық құжаттарды, кейбір шетелдердің нормативтік құқықтық құжаттарын, ресейлік және қазақстандық заңнаманы, ресейлік және отандық ғалымдар пікірлерін зерделеу арқылы құқықтық қатынастарды азаматтықтағы ақылы,цифрлық қызмет көрсету шартын қамтамасыз етуін реттеуді бойынша жаңа ұсыныстар жасалған. Сондықтан, зерттеу нәтижесінде жасалынған

			қорытындыларға **негізделген.**
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертация тақырыбын зерттеу бойынша автор жалпы 5 ғылыми нәтижені ұсынып қарастырған. **1 нәтиже.** Заңнамалық деңгейде өтелмелі қызмет ұғымы мен мердігерліктің түсінігін ажырату мақсатында мердігерлік шартында негізгі ажырату белгісі ретінде тапсырысшыға берілетін нәтиже материалдық екенін көрсету қажет деп қарастырған. 616-бапта жұмыстың атқару барысында материалданған нәтиже жасалатыны және ол тапсырысшыға өткізетіндігі нақты анықталу қажет делінген, яғни мердігерлік қызметте міндетті түрде материалдық объектісін қарастыру екендігін дәлелдеген. 1.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 1.2 Тривиалды ма? **2) жоқ** 1.3 Жаңа ма? **1) ия;** 1.4 Қолдану деңгейі: **3) кең** 1.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** **2 нәтиже.** 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-I (А Қосымшасы) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөліміне) өзгеріс енгізу қажеттілігімен бірге цифрлық қызметтерді қоса алғанда, жекелеген қызмет түрлерінің жекелеген параграфтарында егжей- тегжейлі көрсетілген, цифрлық қызметті қоса алғанда, қызмет көрсету шарттарының барлық түрлері үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 33-тарауының икемді жалпы қағидаларын қамтиды. ҚР АК 683- бабының 2-тармағын былайша баяндау ұсынылады: «Осы тараудың ережелері персонал беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ осы Кодекстің 32, 34, 35, 39, 41, 43, 44-тарауларында көзделген шарттар бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, байланыс қызметтерін, медициналық, ветеринариялық, аудиторлық, консультациялық, ақпараттық қызметтерді, оқыту мен туристік қызмет көрсету бойынша қызметтерді және өзге де

			қызметтерді көрсету шарттарына қолданылады». Сонымен қатар, Азаматтық Кодекстің 32, 34, 35, 39, 41, 43, 44-тарауларында көзделген шарттар бойынша көрсетілетін қызметтерді қоскаңда, байланыс қызметтерін, медициналық, ветеринариялық, аудиторлық, консультациялық, ақпараттық қызметтерді, оқыту мен туристік қызмет көрсету, персонал беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша қызметтерді көрсету және өзге де қызметтерді көрсету шарттарына қолданылсын деп ұсынып отыр. Себебі, барлығы ақылы қызмет түріне жатады. 2.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2.2 Тривиалды ма? **2) жоқ** 2.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2.4 Қолдану деңгейі: **3) кең** 2.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** **3 нәтиже.** Цифрлық қызметтерді іс-әрекет немесе цифрлық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын белгілі бір қызмет ретінде танитын қалыптастырылған авторлық түсінік. Осы орайда, «цифрлық технология» деп-компьютер мен компьютерлік желілерді, соның ішінде Интернет желісін пайдалана отырып, деректерді цифрлық (электронды) түрде жасауға, сақтауға, өңдеуге және таратуға мүмкіндік беретін технологиялар, ал «цифрлық қызметтер» ретінде электрондық нысанда деректерді құру (Ақосымша) өңдеу және бөлісу үшін цифрлық технологияларды қолданатынiс-әрекеттер немесе қызметтер қарастырылды. 687-1-бап. Персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт Персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт бойынша бір тарап (жіберуші тарап) өз жұмыскерін басқа тараптың (қабылдаушы тарап) мүддесінде, басқаруымен және бақылауымен жұмысты орындау үшін жібереді. 3.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 3.2 Тривиалды ма? **2) жоқ**

			3.3 Жаңа ма? **1) ия;** 3.4 Қолдану деңгейі: **3) кең** 3.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) жоқ;** **4 нәтиже.** Белгіленген параметрлер қосылған кезде өтелмелі қызметтер көрсету шартының талаптарын автоматты түрде орындауды қамтамасыз ету, жоғары сенімділікті қамтамасыз ету және орындамау тәуекелдерін азайту үшін өтелмелі қызметтер көрсету саласына «ақылды келісімшарттар» стандарттарын заңнамалық енгізу қажеттілігімен автор қалыптастырған цифрлық келісімшарттардың сипаттамасы. Көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты жиі кездесетін дауларға байланысты ақылы қызметтердің сапасы бойынша жалпы ережелерді енгізу ұсынылды. Көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты жиі кездесетін дауларға байланысты ақылы қызметтердің сапасы бойынша жалпы ережелерді енгізу ұсынылады. 4.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 4.2 Тривиалды ма? **2) жоқ** 4.3 Жаңа ма? **1) ия;** 4.4 Қолдану деңгейі: **3) кең** 4.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** **5 нәтиже.** Тапсырысшы (тұтынушы) мен орындаушы арасындағы тікелей құқықтық қатынастардан шегере отырып, цифрлық платформалар операторларының делдал ретіндегі мәртебесін нақты заңнамалық айқындау қажеттілігі туралы авторлық ұстаным, бұл қызмет көрсетудің негізгі шарты бойынша орындаушының жауапкершілігін және цифрлық делдалдың тұтынушы алдындағы жауапкершілігін ажыратуға мүмкіндік береді. Цифрлық платформалар (агрегаторлар) операторлары ұсынатын қызметтердің сапасын аккредиттеу және бақылау қағидаларын енгізу ұсынылды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (33 тарауға) цифрлық қызметтерді көрсету бойынша жалпы ережелерді айқындайтын

			жаңа параграф 3, жаңа баптар енгізу ұсынылады. 5.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 5.2 Тривиалды ма? **2) жоқ** 5.3 Жаңа ма? **1) ия;** 5.4 Қолдану деңгейі: **3) кең** 5.5 Мақалада дәлелденген бе? **2) жоқ**
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының барысында таңдалған әдістер диссертациялық жұмыста негізделген және егжей-тегжейлі сипалған. Диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері: диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, лингвистикалық, нақты-әлеуметтік әдістері қолданылды. Ақылы қызмет көрсетуді жүзеге асырудағы құқықтық қамтамасыз етудің заңнамалық дамуы мен одан әрі жетілуін қарастыруда жалпы танымдық диалектикалық әдіс, ақылы қызмет көрсету шартын жасау және орындау қатысты құқықтық нормалардың өзара және тәжірибемен байланысын зерттеуде формальды-логикалық, талдау, синтез және хронологиялық әдістер, цифрлық қызмет көрсету қамтамасыз етуге байланысты шетел заңнамасы мен тәжірибесін зерделеуде салыстырмалы-құқықтық әдістер, «цифрлық қызмет», «өтеулі қызмет», «ақылды келісім шарт», «электрондық құжат»терминдерін тереңірек карауда лингвистикалық әдістері қолданылды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен мәліметтерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық	Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары өзара байланысқан. Қорытындылар сәйкесінше әдістерді қолдана арқылы расталған.

		ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәмілелер өзекті, нақты және сенімді отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталады.** Диссертациялық зерттеу барысында отандық шетелдік нормативтік актілерді қосканда 169 дерек көздері қолданылады.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін **жеткілікті** болып табылады. Зерттеу барысында автор отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, ҚР мен шет елдердің нормативтік-құқықтық базасын, сондай-ақ отандық және шетелдік заңнамаларын қамтитын түрлі дереккөздерді пайдаланды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық **маңызы жоғары**, өйткені зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында «цифрлық қызмет» және «персонал», «ақылы» бағыттарын зерттейтін азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және басқа да пәнаралық аясында студенттерге, магистранттарға сабақ беру барысында және ғылыми ізденушілік аясында кеңінен пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылардың практикалық **маңызы жоғары**. Зерттеуде қалыптастырылған тұжырымдар мен ережелердің ҚР Азаматтық кодексіне арналған өзгерістер мен толықтыруларды даярлау, Қазақстан Республикасындағы ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз етуді реттеу, азаматтық нормаларды жетілдіру туралы басқа да нормативтік актілерді даярлау, заң шығарушылық қызметте азаматтық заңнаманы кемелдендіру мақсатында қолдануға жатады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық зерттеу сапалы ғылыми жұмыстың маңызды аспектілерінің бірі болып табылатын академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсетеді. Автор тұжырымдарда ерекше дәлдікті,талдаудың тереңділігін және дәлелдің қатаңдығын көрсетеді, бұл ұсынылған материалды қабылдау мен түсінудің жеңілдігіне ықпал етеді.

			Диссертациядағы академиялық жазудың сапасы ерекше назарға аударуға тұрарлық. Зерттеу жұмысы қазақ тілінде,қойылған талаптарға сай жазылған кешенді еңбек.

Қорытынды: Диссертациялық зерттеудің жоғарыда аталған тұстарын ескере отырып, Карашева Жанар Толеубековнаның «Ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету» атты диссертациялық жұмысының өзекті тақырыпқа арналған, оның тұжырымдары мен нәтижелері ғылыми маңызға ие, сондықтан Карашева Жанар Толеубековнаны «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
«Құқықтану» Білім беру бағдарламасының
қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы,
PhD философия докторы _____ **Исаева А.Ж.**

ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ ПОДПИСЬ